



SEMEYTAHY

№52 (19804) 3 шілде, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 01 шілде

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың өкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа өнгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде № 1338



1 ШІЛДЕДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮШІНЕ ЕНДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі депутаттар және
Үкімет мүшелері!**



арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет.

Сондықтан біздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек.

Осы тұста бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарымызды айқындап алу қажет деп санаймын.

БІРІНШІ. Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру. Өлгіде айтпай өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқарумен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісін, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балаларына, немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш уялмай айта алады.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік танытып, ұлт мүддесі бәрін биік тұратынын бүкіл елемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетімізді тұрпатын өзгертетін, экономикалық өлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалдық мәнге ие болды.

Жанарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай сақталуы қажет.

Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы. Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.

Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісін жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жапай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді.

Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін. Былтыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parliament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте өлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет.

Жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы көз келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылаған жөн. Цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді.

Құрылтай жалпұшылтық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тәспірмалар берілуі керек деген сөз.

Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің,

сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенімен, жалпұшылтық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады.

Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстанымыздың символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады.

Елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатысуы. Халықтың өз шешімін тікелей білдіру тетігі отыз жылға жуық уақыт бойы қолданылып келді. Тек соңғы жылдары ғана саяси тәжірибемізге енді. 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпұшылтық референдум өтті.

Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты төжемелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың өл-ауқатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет.

Екінші мәселе. Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет. Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Бұған дейін де айттым: жаһандық жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ұшығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-көтерлер аз емес. Бірақ біз соған қарамастан, саликалы саясат жүргізіп, ең сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады.

Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі.

Инфляция бағамы төмендеді: былғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті өлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды.

Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне жол ашуға қажетті негіз қалыптасты.

Елімізде көлік, тұрмыстық техникалар, жүк вагондарын, құрылыс материалдарын және басқа да сапалы өнімдер шығаратын заманауи зауыттар ашылып жатыр. Тек 2023-2025 жылдардың ішінде 540 индустриялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосылмақ. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Бұл – қазынаға түсетін салық көлемі артады, өндіріске озық технологиялар енгізіледі және өсіп бастайды, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады.

Мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән береді. Осы мақсатқа қомақты қаржы бөлініп жатыр. Жалпы, Қазақстандағы жұмысқа жарамды азаматтардың жартысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отыр. Соңғы бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жетті. Жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Былтыр «Бәйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Стратегиялық маңызы айрықша салаларды ретке келтіру үшін қабылданған құжаттардың маңызы зор.

Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже – мыңдаған отбасы баспаналы болды.

Біз қалаларды абаттандырумен қатар, ауылдардың жағдайын жақсартуға басымдық беріп келеміз. Быыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылады.

Мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ауқымда қолдау көрсетіп жатыр. Өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген несие беру үшін 1 триллион теңге қаржы тартылды. Осылайша, шаруалар алғаш рет жылына 5 пайыздық мөлшермен «ұзақмерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы саласын жаңғыртуға ықпал еткені сөзсіз.

Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жетті. Ал экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түсті. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

Озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келеді. Әсіресе, отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз бар. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тартылған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды. Алайда, бұған мән болып отыра беруге болмайды, алдымызда тұрған міндет аз емес, қойылған мақсаттарға міндетті түрде жетуіміз керек.



АПТА АЙНАСЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ РЕСМИ БАСЫЛЫМЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Абай облысында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күшіне енуіне орай жаңа Ата заңның ресми басылымын табыстау рәсімі өтті.

Жиынға облыс әкімі Берік Уәли, облыстық мәслихат төрағасы Шалқар Байбеков, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Мейрамхат Айнабеков, құқық қорғау органдарының, өңірлік департаменттердің жетекшілері, басқарма басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері қатысты. Аймақ басшысы өз сөзінде жаңа Конституцияның ел дамуындағы тарихи маңызына тоқталды.

Бүгіннен бастап бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция өз күшіне енді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, Конституция – ел үшін тек құқықтық құжат ғана емес, қоғамды біріктіретін басты құндылық. Жаңа Конституция еліміздің жаңару бағытын айқындап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге және өңірлердің орнықты дамуына жаңа серпін береді. Жаңа Конституцияны қабыл-



дау – барша халқымыздың ортақ таңдауы әрі ортақ жауапкершілігі. Осы маңызды тарихи үдеріске әрқайсыңыз өз үлестеріңізді қос-

тыңыздар. Азаматтық ұстанымдарыңыз бен ел болашағына деген жанашырлықтарыңыз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Берік Уәли.

Қазақстан Республикасы Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, мемлекеттік және орыс тілдерінде Конституцияның 25 мың данасы басылып шығарылып, мемлекеттік органдарға жеткізіледі. Оның 1146 данасы Абай облысына бөлініп, аудандарға, білім беру ұйымдарына, кітапханаларға және кәсіподақтарға таратылды.

Салтанатты рәсімде Мемлекет басшысының арнайы құттықтауымен жолданған жаңа Конституцияның ресми басылымы облыстық мәслихат төрағасы Шалқар Байбеков пен облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Мейрамхат Айнабековке салтанатты түрде табысталды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

Бүгінде өңірде облысшілік, облысаралық және халықаралық бағыттарды қамтитын 26 автобус маршруты жолаушыларға қызмет көрсетеді. Ал Семей қаласында 43 бағытқа 329 автобус жолаушылар тасымалы жүзеге асырып келеді. Бұл туралы аймақ басшысы Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте айтылды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнебайланыс арқылы қосылды.

БАРЛЫҚ АУДАҢҒА АВТОБУС ҚАТЫНАЙДЫ



Ай-Көркем МАҚЫШ, «Semei tanu»

Күн тәртібінде қаралған алғашқы мәселе облыста жолаушылар тасымалының ұйымдастырылуы болды. Бұл мәселе жөнінде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мерей Байырханов баяндады.

Басқармасы басшысының айтуынша, қазір өңірде 26 автобус маршруты жұмыс істейді, оның ішінде облысшілік, облысаралық және халықаралық бағыттар бар. Жыл басынан бері бұл бағыттар бойынша 38 800-ден астам жолаушы тасымалданған.

Өткен жылдан бастап алғаш рет облысшілік әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялауға қаржы бөлініп, Семей – Курчатов, Семей – Қарауыл, Семей – Жезкент, Семей – Ақсуат, Семей – Әуезов және Семей – Көкпекті бағыттары ашылды. Сонымен қатар Семей – Қайнар, Семей – Шүлбі және Семей – Бесқарағай бағыттары бойынша тасымалдауды ұйымдастыру үшін конкурс өткізіліп, барлық аудандарды облыс орталығымен тұрақты автобус қатынасымен қамту жоспарланған.

Семей қаласында 43 маршрутқа 329 автобус қызмет көрсетеді. Быыл 60 жаңа автобус сатып алынып, оның 45-і жолаушыларға қызмет көрсетуді бастады. Жыл соңына дейін тағы 20 автобус сатып алу жоспарланған.

Сонымен қатар автобус қозғалысын бақылауға арналған арнайы коммуналдық мекеменің құрылуы нәтижесінде маршруттардың жүйелілік көрсеткіші 87 пайызға дейін артты. Өңірде әлеуметтік маңызы бар үш темір жол бағыты субсидияланып келеді. Семей және Ұржар әуежайлары арқылы тұрақты әуе қатынасы ұйымдастырылған. Жазғы туристік маусымда Ұржар бағыты бойынша рейстер саны аптасына беске дейін ұлғайтылды, – деді Мерей Байырханов.

Аймақ басшысы жолаушылар тасымалы тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды сала екенін атап өтті.

Халықтың қауіпсіз, қолжетімді және тұрақты көлік қызметімен қамтамасыз етілуі – мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі. Жалпы, жолаушылар тасымалы саласында белгілі бір өз нәтижелер бар. Жаңа маршруттар ашылып, әлеуметтік маңызы бар бағыттарды субсидиялау көлемі ұлғайтылуда, қоғамдық көлік паркі жаңартылып, цифрлық бақылау жүйелері енгізілуде. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасып тиіс, – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі жмында көлік басқармасына облыс орталығы мен тірек ауылдар арасындағы жолаушылар маршруттарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуді, тұрғындардың сұранысына сәйкес жаңа бағыттарды ашуды және оларды облыстық бюджет есебінен субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырды.

Бұл күнді мемлекет дамуының тарихи маңызды кезеңінің басталуы деп айтуымызға болады. Өйткені тарихта мемлекеттердің дамуын тек экономикалық реформалар немесе саяси оқиғалар емес, конституциялық таңдаулар айқындайды.

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Конституция заңдар жинағы емес. Конституциялық құқық ғылымында ол мемлекеттің қоғамдық келісімі әрі ұлттың өркениеттік бағдары ретінде қарастырылады. Ата Заң қоғамның қандай құндылықтарға сүйеніп өмір сүретінін, мемлекет пен азаматтың қарым-қатынасы қандай қағидаттарға негізделетінін белгілейді.

Сондықтан 1 шілде – жаңа құқықтық нормалардың күшіне ену күні, әділетті мемлекеттілік идеясының негізіндегі ел дамуының жаңа кезеңі. Халықтың референдум арқылы білдірген еркінің нақты құқықтық күшке айналу күні.

Конституцияның күші оның мәтнінде емес, қоғамның оны өзінің ортақ құндылығы ретінде қабылдауында. Конституция халықтың меншігіне айналған кезде ғана құқықтық мемлекет шын мәнінде қалыптаса бастайды.

Конституция қабылданған кезде мемлекет халыққа заң бермейді. Керісінше, халық мемлекетті қалай жұмыс істеу керектігін Конституция арқылы белгілейді. Сондықтан Конституция – биліктің емес, халықтың құжаты.

Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесінде Конституция тұрақты экономикаға, сапалы білімге, әділ сотқа және қоғамдағы сенімге жол ашады.

Бірақ бір маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Ешқандай Конституция өздігінен әділет орната алмайды. Ата Заңның күші оны құрметтейтін азаматта, оны адал орындайтын мемлекеттік қызметшіде және заңды бөрінен жоғары қоятын қоғамда. Бұл – әрқайсымыздың заңға, жауапкершілікке және ортақ болашағымызға деген көзқарасымызды жаңартатын күн.

Өйткені күшті Конституцияның ең үлкен тірегі – саналы азамат.

Айрат БАЗЕНҰЛЫ,
Aikhan Bokeikhan University проректоры

АТА ЗАҢ – ҰЛТТЫҢ ЕРТЕҢІНЕ БАСТАЙТЫН БАҒДАР

Кез келген мемлекеттің тарихында оның даму бағытын айқындайтын тағдырлы кезеңдер болады. Жаңа Конституцияның қабылдануы – сондай тарихи белестердің бірі. Өйткені Ата Заң – мемлекеттің ғана емес, халықтың мүддесіне қызмет ететін, елдің болашақ бағдарын белгілейтін ең маңызды құқықтық құжат.

Әрине, біз бұған дейінгі Конституцияның тарихи рөлін жоққа шығармаймыз. Ол тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қызмет етті. Ал жаңа Конституция – сол тәжірибені саралай отырып, қоғамның бүгінгі сұранысына және болашақтың талаптарына жауап беретін жаңартылған құжат ретінде бағалануы тиіс.

Жаңа Конституцияның преамбуласында мәдениетке, білімге, ғылым мен инновацияға ерекше мән берілуі – оның басты ерекшеліктерінің бірі. Бұл – мемлекет дамуының негізгі кепілі табиғи ресурстар ғана емес, ең алдымен білімді, мәдениетті әрі жаңашыл ұлт екенін айқын көрсетеді. Бүгінгі таңда жасанды интеллект, цифрлық технологиялар мен инновациялар өлемдік өркениеттің басты қозғаушы күшіне айналды. Сондықтан осы құндылықтардың Ата Заң деңгейінде айқындалуы Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілетті ел ретінде дамуына жол ашады.

Конституцияның әрбір бөлімі мен әрбір бабы еліміздің әр азаматының құқығын қорғауға, оның еркін өмір сүруіне, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына және мемлекетіміздің өркендеуіне бағытталған. Сондықтан Конституцияны тек құқықтық құжат ретінде ғана емес, ұлттық құндылықтарды айқындайтын, елдің келешегіне қызмет ететін рухани құжат ретінде де қабылдауымыз қажет.

Әсіресе, білім мен ғылымның дамуына басымдық берілуі көңіл қуантады. Себебі елдің жарқын болашағы білімді ұрпақ пен ғылымға сүйенген қоғамның қолында. Сондықтан жаңа Конституция жастардың сапалы білім алып, ғылыммен айналысуына, инновациялық ойлау мәдениетін қалыптастыруға және өлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптасуына зор мүмкіндік береді.

Ата Заң – бүгінгі буынның ғана емес, келешек ұрпақтың да игілігіне қызмет ететін стратегиялық құжат. Оның басты мақсаты – әрбір азамат өзін еркін, қауіпсіз әрі мүмкіндігі мол мемлекетте өмір сүретінін сезіндіретін Әділетті Қазақстанды қалыптастыру.

Ақмарал СМАҒҰЛОВА,
«Абай және ұлттық руханият»
ғылыми орталығының басшысы

Шәкәрім университеті жанындағы «Абай және ұлттық руханият» ғылыми орталығының басшысы

ҒЫЛЫМ

РАДИОЛОГИЯЛЫҚ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КЛАСТЕРІН ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Семейде радиологиялық медицина және ғылымның өңірлік кластерін құру мәселесін талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шара Курчатов қаласына ғылыми қалашық мәртебесін беру және облыс әкімі Берік Уәлидің тапсырмасымен қолға алынған өңірлік ғылымды дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу жұмыстары аясында ұйымдастырылды.

Бек БОЛАТ,
«Semei tanu»



Семей медицина университетінде өткен іс-шараға облыс әкімдігі, денсаулық сақтау басқармасы, Семей медицина университеті, Shakarim University, Aikhan Bokeikhan University, Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты, Ұлттық ядролық орталық, Ядролық технологиялар паркі, Ядролық медицина және онкология орталығының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелге қатысушылар ғылым, денсаулық сақтау, білім беру салаларының әлеуетін біріктіруге бағытталған радиологиялық медицина және ғылымның өңірлік кластерін құру тұжырымдама жобасын талқылады. Бұл өзекті қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, олардың нәтижелерін клиникалық тәжірибеге жедел енгізуге, жоғары технологиялық медицинаны дамытуға, сондай-ақ, облыс тұрғындарының ел-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Жиналғандар тұжырымдама жобасын талқылай отырып, радиациялық, ядролық және цифрлық медицина, онкология, медициналық генетика және радиоэкология салаларындағы жоғары технологиялық шешімдерді қолдануды кластер қызметінің басым бағыттары ретінде айқындады.

Қабылданған тұжырымдама негізінде мүдделі тараптар радиологиялық медицина және ғылымның өңірлік кластерін құру туралы меморандумға қол қояды.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

ҒАЛЫМ ӘЙЕЛДЕРДІ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Әйелдердің ғылым саласындағы белсенділігін арттыру, ана мен бала денсаулығын қорғау және отбасылық құндылықтарды нығайту – қоғамның тұрақты дамуының маңызды бағыттарының бірі. Осы мәселелер Абай облысы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия отырысында кеңінен талқыланды.

Абай облысы әкімінің орынбасары Мейірлан Рахановтың төрағалығымен өткен жиында әйелдердің ғылыми-инженерлік саладағы орны мен ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелері қаралды.

Бүгін комиссия отырысында әйелдердің ғылыми-инженерлік салада алатын орнын, сонымен қатар ана мен бала денсаулығын қорғау мәселесін талқылаймыз, – деді Мейірлан Раханов.

Жиында академиялық қауымдастық өкілдері мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының мамандары баяндама жасады.

Shakarim University ғылым жөніндегі проректоры, басқарма мүшесі Жанар Қалибекқызының



айтуынша, болашақ әйел ғалымдарды даярлаудың алғашқы кезеңі аса маңызды. Оның пікірін-

ше, бұл бағыттағы жұмысты мектеп қабырғасынан бастау қажет.

Ғылыми-зерттеу саласында әйелдерге жұмыс істеу оңай емес. Себебі олар, кәсіби қызметпен қатар, ана ретіндегі міндетін де қатар алып жүреді. Сондықтан ғылымды насихаттауды мектептен бастау керек. Одан кейін тәжірибелі әйел ғалымдардың тәлімгерлік қызметін дамыту, олардың ғылыми еңбектері мен жетістіктерін кеңінен таныстыру маңызды. Сонымен қатар әйелдердің кәсіби қызметі мен жеке өмірі арасында тепе-теңдік сақталатын қолайлы ғылыми орта қалыптастыру қажет, – деді Жанар Қалибекқызы.

Өз тілшіміз

ОБЛЫС ӘКІМІГІНДЕ

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте өңірдегі жастар саясатын іске асыру мәселесі қаралды. Аталған жиында облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Олжас Бейсенбаев биылғы жылдың бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы жоспарлар туралы баяндады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

ЖАСТАРДЫҢ 97,5 ПАЙЫЗЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tanu»

Басқарма басшысының апаратына сүйенсек, облыста мемлекеттік жастар саясаты Президент бекіткен «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» идеологиялары, 2029 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы, 2030 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие тұжырымдамасы және өзге де стратегиялық құжаттар аясында жүзеге асырылуда. Бүгінде облыста 147 мыңнан астам жас тұрады, бұл - аймақ халқының төрттен бір бөлігі. Жастармен жұмысты 13 жастар ресурстық орталығы қамтамасыз етеді. Биылғы жылдың бірінші жарты жылдығында жастарды жұмыспен қамту бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2,4 пайызды құрады. НЕЕТ санындағы жастар саны жыл басымен салыстырғанда 444 адамға азайды. Экономикалық белсенді жастардың 97,5 пайызы жұмыспен қамтылған. Жыл басынан бері 2 511 жас жұмысқа орналастырылып, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, «Жастар



тәжірибесі», «Жасыл ел» және «Дипломмен - ауылға» жобалары аясында жұмыс жалғастырылуда. Сонфмен қатар «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында «Таза жағалау», «Тарихи ескерткіштерді тазалау», «Шоппер таңда» жобалары ұйымдастырылды.

Бесқарағай ауданындағы Шипалы көл аумағында өткен акцияға 200-ге жуық адам қатысып, тазалық жұмыстары барысында 20 тонна қоқыс шығарылған.

Олжас Бейсенбаевтың айтуынша, екінші жарты жылдық-

та «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты, республикалық «Abai Quiz», «ERTIS VOLUNTEER FORUM – 2026» және «Жас сайлаушылар мектебі» жобаларын жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Аймақ басшысы жауапты мемлекеттік органдар мен аудан-қала әкімдеріне жастарды жұмыспен қамту, НЕЕТ санатындағы жастар санын азайту, жастар ресурстық орталықтарының жұмысын күшейту, волонтерлік қозғалысты дамыту, сондай-ақ жастар арасындағы құқық бұзушылықтар алдын алу бағытындағы шараларды жандандыруды тапсырды.

Жалпы, жастар саясаты бағытында бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дегенмен жастармен жұмыс тек іс-шара өткізумен шектелмеуі тиіс. Ең бастысы – нақты нәтиже. Әсіресе құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, лудоманияның, ерте жүктіліктің алдын алу, НЕЕТ жастар санын азайту және жұмыспен қамту мәселелері тұрақты бақылауда болуы тиіс. Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы барлық аудан мен қалада бірдей деңгейде ұйымдастырылуы қажет, – деді Берік Уәли.



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ



АБАЙ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудандық «Абай елі» газетінің ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында аудан басшысы облыс әкімі Берік Уәлидің құттықтауын жеткізіп, өңірдің ақпарат саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар журналистерге алғыс хаттар табыстады.

Биыл «Абай елі» газетінің қайта жаңғырып, оқырманға жол тартқанына 20 жыл толып отыр. Осы айтулы мерейтойға орай редакцияға аудан әкімдігі тарапынан жаңа компьютер жиынтығы мен көпфункционалды принтер сыйға тартылды.

Салтанатты шарада аудан басшысы журналистердің қоғамдағы рөліне тоқталып, еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі.

ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Филиппин астанасы Манила қаласында самбодан ересектер арасында өткен Азия және Океания чемпионатында Қазақстан құрамасының сапында ел намысын қорғаған Абай ауданының палуандары жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ел мерейін үстем етті.

Байрақты бәсекеде Бақытжан Дүйсембеков Азия және Океания чемпионатының күміс жүлдегері атанса, Есентай Имаханов қола медаль иеленді.

Халықаралық аренада бақ сынаған қос спортшының бұл жетістігі – көп жылдық тынымсыз еңбек пен табанды дайындықтың жемісі. Әлемдік деңгейдегі жарыста Қазақстанның абыройын асқақтатып, туған жердің мәртебесін биіктеткен аудан палуандарының бұл жеңісі жас буынды жігерлендіріп, қазақ самбо мектебінің дамуына жаңа серпін бермек.

АҚСУАТ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Ақсуат ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Серікжан Нариманов мемлекеттік қызметкерлермен кездесу өткізді. Жиынға аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Р.Жанарбеков, аудан әкімінің орынбасары М.Қайырбеков қатысты.

Кездесуде мемлекеттік қызметкерлерге «Заң мен тәртіп» қағидасының, «Адал азамат» тұжырымдамасының мән-маңызы тарқатылып айтылып, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптарды, мінез-құлықтың жалпы стандарттарын, қарым-қатынас нормаларын, іскерлік киімнің үлгісін, қызметтен тыс уақытта өзін-өзі ұстау тәртібі жан-жақты түсіндірілді.

ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

«Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздары «Менің өлкем» экологиялық акциясы аясында туған өлкенің тазалығына өз үлестерін қосты. Жастар «Лагерь» жағалауы аумағында тазалық жұмыстарын жүргізіп, демалыс орнының санитарлық жағдайын жақсартуға атсалысты.

Акцияның мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып, қоршаған ортаны қорғауға баулу.

Сонымен қатар Ақсуат жастар ресурстық орталығының мамандары мен «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздары аудан орталығының солтүстік айналма жолы маңында сенбілік өткізді.

АЯГӨЗ

ЖОБАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аягөз ауданы әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаров Тарбағатай ауылдық округіне жұмыс сапарымен барып, әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарда жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Сапар барысында Тарбағатай ауылындағы өрт сөндіру пункті мен балалар ойын алаңын жаңарту жұмыстары қаралды. Сондай-ақ Малтүгел елді мекеніндегі ауыз су мәселесі, су мұнарасын жөндеу жұмыстары және ішкі жолдардың жай-күйі талқыланды. Бұдан бөлек, тұрмыстық қатты қалдықтар полигонындағы рекултивация және абаттандыру жұмыстарының барысы да тексерілді.

Жұмыс сапары қорытындысында аудан әкімінің міндетін атқарушы барлық жобаларды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды және құрылыс жұмыстарына тұрақты бақылау жүргізуді тапсырды.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ҚОЛЖЕТІМДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК

Жаңасемей аудандық әкімдігінде тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Халық заңгері» акциясы өтті.

Іс-шара барысында аудан тұрғындарына прокуратура, полиция бөлімі, жұмыспен қамту бөлімі, білім бөлімі және аудан әкімдігі мамандары тегін құқықтық кеңес берді. Азаматтар өздерін толғандыратын мәселелер бойынша мамандарға тікелей жүгініп, қолданыстағы заңнама аясында жан-жақты түсіндірмелер алды.

Акцияның басты мақсаты – халыққа қолжетімді әрі сапалы құқықтық көмек көрсету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Осындай ашық форматтағы кездесулер тұрғындарға өз құқықтары мен міндеттері туралы толыққанды ақпарат алып, құқықтық мәселелерін шешу жолдарын білуге мүмкіндік береді.

«СТ» - ақпарат

АБАЙ

«ЖАСЫЛ ЕЛ»: ЖАҢА МАУСЫМ БАСТАЛДЫ

Абай ауданында «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жаңа маусымы басталды. Жастарды еңбекке баулу, табиғатты аялауға шақыруды көздейтін жалпұлттық жобаның 2026 жылғы маусымының ашылу салтанаты Абай – Шәкәрім кешенінде өтті.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semel tauy»

Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған іс-шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Мейіржан Смағұлов жиналғандарды маусымның ашылуымен құттықтап, туған өлкенің көркеюіне өз үлесін қосып жүрген жалынды жастардың еңбегіне жоғары баға берді, алдағы жұмыстарына сәттілік, мол жетістік тіледі.

Іс-шара барысында бабалар рухына Құран бағышталып, тағзым жасалды. Салтанатты жиыннан кейін аудан басшысы, ауылдық округ әкімдері және мекеме басшылары «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қатарында Жидебай жерінде тазалық жұмыстарын бірге жүргізді. Табиғатты аялау мен туған жердің тазалығын сақтау – әр азаматтың ортақ міндеті екенін іс жүзінде көрсетті.

«Жасыл ел» – бұл тек маусымдық жұмыс емес, ол жастардың еңбекке деген құрметін қалыптастыратын, елге деген сүйіспеншілігін арттыратын және қоршаған ортаны қорғауға үндейтін маңызды жоба.

Еңбек жасақтары жаз бойы саябақтарда, өзен жағалауларында және басқа да қоғамдық кеңістіктерде тазалық жұмыстарын жүргізіп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына атсалысады.

«Жасыл ел» бағдарламасы бүгінде мөлiмiздегi ең iрi экологиялық-еңбек жастар жобаларының бiрiне айналды. Жастар табыс тауып қана қоймай, тәжірибе жинап, өз қабiлеттерiн ұштайды. Абай ауданында бұл жоба

БЕСҚАРАҒАЙ

ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП – БАСТЫ ҚАҒИДА

Бесқарағай ауданында өңір басшысы Ділдар Қалиқанұлының төрағалығымен әкімдіктің кезекті отырысы өтті. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы, ауылдық округ әкімдері, мекеме және бөлім басшылары қатысты. Алқалы басқосуда ауданның алдағы даму бағытын айқындайтын, халықтың әл-ауқаты мен ауыл шаруашылығы саласына қатысты мәселелер талқыланды.



Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Майгүл Абылқасованың баяндамасынан белгілі болғандай, бірінші жарты жылдықта бюджет қаражатының игерілуі 95,7%-ды құраған. Ауданда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі рекордтық деңгейде өсіп, 10,5 млрд теңгеден асты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 186,9 пайызға жоғары.

Дегенмен алаңдатарлық тұстар да жоқ емес. Жыл қорытындысы бойынша жергілікті бюджетке 357,5 млн теңге салық түспей қалу қаупі бар. Мұның басты себебі – Жаңасемей ауданының құрылуына байланысты Бесқарағай ауданының шекарасы өзгеріп, 3,5 мың гектар жердің өзге өңірге өтуі.

БОРОДУЛИХА

Бородулиха ауданында «Халық заңгері» акциясы өтті. Халықтың құқықтық мәдениетін арттыру және қолдау көрсету мақсатында дәстүрлі түрде ел көлемінде өткізілетін іс-шарада мамандар аудан тұрғындарын қабылдап, заңдық тұрғыда тегін кеңестер берді. Қабылдауға білікті мамандар - құқық қорғау қызметкерлері мен жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен өкілдері қатысты.

ТЕГІН КЕҢЕС БЕРІЛДІ



Құқықтық көмек алуға келген жандарға есігін айқара ашқан бұл шараның негізгі мақсаты – азаматтарға қолдау көрсету, заңнама талаптарын түсіндіру.

Кездесуде көпшілік көкейіндегі сауалдарын қойып, шешімін сұрады. Нақтырақ айтқанда, мамандар азаматтарға тұрғын үй кезегі мен меншік құқығы, еңбек даулары және жер қатынастары, оның ішінде жайылымдық жерлер мен үлестерді заңдастыру мәселелері бойынша тегін әрі сапалы кеңестер берді.

Бір алаңда бас қосқан прокуратура, полиция бөлімі, әділет саласының мамандары мен әкімдіктің жауапты бөлімшілері әрбір азаматтың арыз-шағымын, сауалдарын жеке-жеке тыңдап, заң шеңберінде бағыт-бағдар көрсетіп, кеңестер берді.

Іс-шараға келген тұрғындар мұндай шаралардың маңыздылығы жоғары екенін жеткізіп, бір жерден бірнеше сала маманынан кеңес алу уақытты үнемдеуге және құқықтық сауаттылықты арттыруға зор мүмкіндік бергенін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Өз тілшіміз



жыл сайын мыңдаған жастың басын қосып, олардың еңбекке, патриотизмге және экологиялық мәдениетке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келеді.

Айта кетсек, аудан әкімі жақында Жидебайға барып, кешеннің санитарлық жағдайы мен абаттандыру жұмыстарының барысын көріп қайтқан болатын. Жұмыс сапары аясында «Жидебай - Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының өкілдерімен және кешен қызметкерлерімен кездесті.

Кездесу барысында кешен аумағының тазалығы, көріктендірілуі және келушілерге қолайлы жағдай жасау мәселелері талқыланды. Мемориалдық кешен аумағын аралау кезінде бірқатар кемшіліктер анықталып, оларды жоюға қатысты ұсыныстар айтылды.

Алайда көктемгі тексерулер ба-
ры бөлімінің басшысы Кәрімхан Төлеуовтың ақпараты тыңдалды. Бөлім басшысының айтуынша, осы жылға бекітілген 3 000 гектар жоспардың 2 340 гектары (78%-ы) мемлекет меншігіне қайтарылған. Бұл ретте Қарабас және Долон ауылдық округтері жақсы нәтиже көрсетті.



Алайда көктемгі тексерулер ба-
рысында ауданда тағы 34 жер пайдаланушының 93 ақшаскесі бойынша 65 мың гектардан астам жердің пайдаланылуы жатқаны анықталған. Аудан басшысы ешкімге босануға көп берілмейтін, заң бұзушылық анықталған нысандар (мәселен, «Арбиев» шаруа қожалығы сияқты) тиісті мерзімде жерді игермесе, сот тәртібімен мемлекетке қайтарыла-

тынын қадап айтты.

Аграрлық сектордың жай-күйі туралы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ардақ Өміртаев баяндады. Баяндамашының айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 66 622 гектар алқапқа егіліп, 100 пайыз орындалған. Шаруалар арзандатылған дизель отынымен және минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген.

Ендігі алда тұрған басты міндет – қысқы мал азығын дайындау. Биыл аудан бойынша 70,4 мың тонна шөп пен сабан, пішендеме, сүрлем және құнарлы жем әзірлеу жоспарланған. Қазірдің өзінде Қарабас, Жетіжар, Ернарз, Беген ауылдарында 19 шөп шабу бригадасы іске кірісіп кеткен. Аудан әкімі бұл нағыз маңыздылығын айта келе, ауылдық округтердің әкімдеріне техникалардың дайындығы мен шөп шабу науқанын жеке бақылауда ұстауды міндеттеді.

Әкімдік отырысында құрғақ есеп берілген жоқ, мәселе ашық айтылып, шешу жолдары қарастырылды. Аудан басшысы Ділдар Қалиқанұлы әр ақпаратты мұқият тыңдап, берілген тапсырмалардың қағаз жүзінде қалмай, мерзімінде әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

СЕНБІЛІК ӨТТІ

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпұлттық экологиялық акциясы аясында облысымыздың әрбір өңірінде қоршаған ортаны қорғау және абаттандыру іс-шаралары қарқынды жүріп жатыр.

Өткен аптада Бородулиха ауданының Жаңа Шұлбі ауылында да кең ауқымды сенбілік өтті. Тазалық жұмыстарына аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер, жергілікті атқарушы органдардың, дербес бөлімдердің мамандары, аудандық мәслихат аппаратының өкілдері, сондай-ақ ауылдың белсенді тұрғындары бір кісідей атсалысты. Жалпы алғанда, ортақ іске 100-ге жуық адам жұмыла кірісіп, қоғамдық орындарды қоқыстан тазартты.

Сенбілік барысында туған жердің экологиялық ахуалына бейжай қарамайтын азаматтар орталық кешелер мен көпшілік демалатын орындарды ретке келтірді. Ауыл ішінен жиналған қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтар арнайы техникалардың көмегімен полигонға шығарылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, экологиялық акцияның түпкі мәні белгілі бір аумақты тазалап шығумен шектелмейді. Негізгі мақсат – өскелең ұрпақ пен ересек тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті жоғарылату, қоршаған ортаға деген жанашырлық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Ортақ мақсат жолында күш біріктірген ауыл халқы тазалық пен тәртіпті сақтау сырттан келетін біреудің емес, осы жерде тұратын әрбір саналы азаматтың қасиетті міндеті әрі перзенттік парызы екенін іс жүзінде көрсетті.



Ш.ДОСКЕЕВА



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

АЯГӨЗ

АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Ауыз су – халықтың денсаулығы мен өмір сапасын айқындайтын ең басты әлеуметтік игіліктің бірі. Сондықтан елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекет саясатының басым бағыттарының қатарында. Соңғы жылдары бұл салада жүзеге асырылып жатқан жобалардың нәтижесінде көптеген ауылдар мен қалаларда инфрақұрылым жаңартып, тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсарып келеді. Осы бағыттағы ауқымды жұмыстар Аягөз ауданында да жүйелі жүргізілуде.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei тауы»

Бүгінде аудан бойынша сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 391,5 шақырымды құрайды. Қолданыстағы желілердің орташа тозу деңгейі 53,3 пайыз болғанымен, оларды кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Қазіргі таңда аудан құрамындағы 45 елді мекеннің барлығы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Яғни аудан тұрғындары 100 пайыз сапалы ауыз суға қол жеткізіп отыр.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту – тек бүгінгі күннің мәселесін шешу ғана емес, өңірдің болашақтағы тұрақты дамуына салынған инвестиция. Су жүйесінің сенімді жұмыс істеуі тұрғындардың тұрмысын жақсартып қана қоймай, жаңа тұрғын үйлердің салынуына, әлеуметтік нысандардың қалыптасуына және кәсіпкерліктің дамуына да мүмкіндік береді. Сондықтан тозған желілерді жаңарту мен жаңа нысандар салу жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Аягөз қаласында сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 161,5 шақырымды құрайды. Мұндағы су желілерінің орташа тозу деңгейі - 40 пайыз. Қала тұрғындары ауыз сумен қамтамасыз ету үшін бүгінде 8 тереңдік ұңғымасы тұрақты жұмыс істеп тұр. Олар тәулік бойы қаланы таза ауыз сумен қамтып, коммуналдық жүйенің тұрақты жұмыс істеуіне негіз болып отыр. Дегенмен инженерлік желілерді жаңарту ісі мұнымен шектелмейді. Қолданыстағы жүйені жетілдіру арқылы су беру сапасын арттыру, апаттық жағдайларды азайту және инфрақұрылымның сенімділігін күшейту көзделген, - дейді Аягөз ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы



Біржан Нұрекеев.

Біржан Бауыржанұлының айтуынша, қазіргі уақытта Қопа мен Ай ауылдарында су құбырларын салу жұмыстары аяқталып, орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартып, санитарлық жағдайды көтеруге және ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді.

Қазіргі таңда ауданда сумен жабдықтау саласында бірнеше маңызды жоба қатар іске асырылып жатыр. Солардың бірі – «Аягөз қаласындағы 5-ші кезектегі су құбыры желілері мен құрылыстарын қайта жаңарту» жобасы. Жоба аясында су құбыры желілерін жаңғырту, олардың өткізу қабілетін арттыру және халыққа көрсетілетін коммуналдық қызмет сапасын жақсарту көзделген.

Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған жаңа жобалар да қолға алынған. Қосағаш ауылында су мұнарасын салу жобасы бойынша мердігер ұйым анықталды, құрылыс жұмыстары

шілде айында басталады. Дәл осындай жоба Ақтоғай кентінде де жүзеге асырылмақ. Мұнда да мердігер анықталып, құрылыс жұмыстары шілде айында қолға алынады. Су мұнараларының пайдалануға берілуінің арқасында су қысымы тұрақтандырылып, сумен қамту жүйесінің сенімділігі артады, ал тұрғындар үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады.

Бүгінде жүзеге асырылып жатқан жобалар Аягөз ауданындағы сумен жабдықтау жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Бұл жұмыстар тек құбырлар мен инженерлік нысандар салумен шектелмейді. Ең бастысы – халықтың өмір сүру сапасын арттыру, ауылдардың әлеуметтік күшейту және ауданның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасау.

Таза ауыз су әрбір тұрғынның өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін басты факторлардың бірі болса, осы бағыттағы жүйелі жұмыстар - мемлекет пен жергілікті атқарушы органдардың халық игілігі жолындағы нақты қадамдарының айқын көрінісі.



БОРОДУЛИХА

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ КІТАП МЕРЕКЕСІ

Бородулиха ауданы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы кітапханасының мамандары оқырмандарды, әсіресе балалар мен жастарды кітап оқуға баулу, қазақ әдебиетін насихаттау мақсатында ерекше форматтағы мәдени шара – библиопикник ұйымдастырды. Табиғат аясында, ашық аспан астында өткен тағлымды кездесу көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, нағыз рухани мерекеге айналды.

Іс-шара барысында келушілерге өздерін еркін әрі жайлы сезінуі үшін барлық қажетті жағдай жасалып, кітап оқуға арналған арнайы демалыс орындары әзірленді. Қатысушылар таза ауада сүйікті шығармаларын парақтап, оқыған кітаптары мен сүйікті кейіпкерлері туралы әңгірленіп бөлісті.

Ұйымдастырушылар мұндай шаралардың балалар мен жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бос уақытының тиімді өткізулеріне мүмкіндік беретінін атап өтті.

ЖАРМА

МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жаңасемей ауданының Мансап орталығының мамандары Қаратөбе, Қалбатау және Шалабай ауылдық округтерінде Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру және ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы аясында мониторинг жүргізді.

Іс-шара барысында 2026 жылы экономикалық мобильділік сертификаты арқылы тұрғын үй сатып алған азаматтар, тұрғын үйді жалға алу төлемін алудың, сондай-ақ биыл көшіп келген қоныс аударушылар мен қандастардың тұрғылықты мекен-жайлары тексерілді.

Мониторингтің мақсаты – мемлекеттік қолдау шараларының тиімді жүзеге асырылуын бақылау, қоныс аударған азаматтардың тұрмыс жағдайымен танысу және бағдарламаның талаптарының сақталуын қамтамасыз ету. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасуда.

ЖАҢА ОРТА - ЖАҢА БАСТАМА

Жарма ауданының Шалабай ауылына Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында ерікті түрде қоныс аудару мемлекеттік бағдарламасы аясында Әсем Ақанова отбасымен бірге Алматы облысына қоныс аударған.

Мемлекеттік қолдау аясында көшу шығындары өтеліп, экономикалық мобильділік сертификаты арқылы отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. Бүгінде Әсем Серікқызы ауылда кәсіп бастауға ниетті. Осы мақсатта ол 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз мемлекеттік грантқа өтінім берді.

Мұндай бағдарламалар азаматтардың жаңа ортаға бейімделуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, өңірдегі кәсіпкерліктің дамуына оң ықпал етеді.

КӨКПЕКТІ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев Үлгіімалшы ауылында болып, елді мекенде салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс барысы мен «Asaуfood» ет өнімдерін өндіру цехының жұмысымен танысты.

Тұрғын үйлердің құрылыс алаңында анықталған кемшіліктер бойынша мердігер ұйымға ескертулер беріліп, оларды қысқа мерзімде жою тапсырылды.

Өз қызметін шағын көлемде сауда жасаудан бастаған «Asaуfood» өндіріс орны бүгінде өндіріс ауқымын кеңейтіп, арнайы цех ашқан. Қазіргі таңда шаруық және түрлі жартылай дайын өнімдерді шығару, аудан тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді өніммен қамтамасыз етіп отыр. «Asaуfood» сондай-ақ аудан орталығында дүкен ашып, тұтынушыларға сапалы өнім ұсынууда.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Көкпекті ауданында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңі қорытындыланып, жеңімпаз отбасылар анықталды. Комиссия мүшелері қатысушылардың құжаттары мен жетістіктерін белгіленген талаптар бойынша саралап, үздіктерді анықтады.

Байқау нәтижесінде Қойгелді Аухадиев атындағы ауылдық округтің тұрғындары - Маскамановтар отбасы I орынды жеңіп алды. II орынға осы округтен қатысқан Каримовтар отбасы, ал III орынға Көкпекті ауылдық округінің тұрғындары - Тұрғанбаевтар отбасы ие болды.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы – отбасы құндылықтарын дәріптеп, өнегелі жанұяларды қоғамға үлгі етуге бағытталған маңызды жоба. Осындай байқаулар арқылы бірлік пен сыйластықты ту еткен отбасылардың тәжірибесі кеңінен насихатталып, жас ұрпаққа үлгі болды.

«ST» - ақпарат

ЖАҢАСЕМЕЙ

250-ГЕ ЖУЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ

Жаңасемей ауданының әкімі Нұржан Әбдікәрімовтің төрағалығымен кеңейтілген әкімдік отырысы өтті. Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар өзекті мәселелер қаралып, жауапты бөлім басшыларының есептері тыңдалды.

Ай-Керім МАҚЫШ,
«Semei тауы»

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі 2026 жылдың алғашқы алты айындағы халықты жұмыспен қамтудың өңірлік картасының орындалу барысы болды. Бұл туралы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Гүлжан Сыздықханова баяндады.

Гүлжан Аманжолқызының айтуынша, биыл аудан бойынша жұмыспен қамтудың өңірлік картасы аясында 331 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 188-і - тұрақты, 143-і - уақытша жұмыс орындары. 25 маусымдағы жағдай бойынша, 249 жұмыс орны құрылып, жоспардың орындалуы 75,2 пайызды құрады. Оның ішінде 123 адам тұрақты жұмысқа, 126 адам уақытша жұмыс орындарына орналастырылған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының «100 тұрғынға - 100 жаңа жұмыс орны» бастамасы аясында биыл 100 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, қазіргі таңда 55 адам жұмысқа орналастырылған. Ал бос жұмыс орындары арқылы жұмысқа орналасуы тиіс 83 адамның 68-і еңбекпен қамтылып, жоспардың орындалуы 81,9 пайызға жеткен.

Субсидияланатын жұмыс орындары бойынша да бірқатар оң нәтижелер бар. Жылдық жоспар бойынша 126 адамды қамту көзделсе,



есепті кезеңде 113 адам жұмыспен қамтылды. Оның ішінде қоғамдық жұмыстарға 85 адам жолданып, жоспар 104 пайызға орындалды. «Күміс жас» жобасы бойынша жоспарланған 20 адамның барлығы жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс орындарына 6 адам, жастар тәжірибесіне 2 жас маман жіберілді.

Инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде 17 жұмыс орнын ашу жоспарланып, толық орындалды. Атап айтқанда, тұрғындар Мұздыбай ауылындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу, Приречный ауылындағы су құбыры желілерін жаңғырту және ке-

ңейту жұмыстарына, сондай-ақ «Жасыл ел» бағдарламасы аясында еңбекке тартылды, - деді жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Жиында кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік гранттар мәселесі де сөз болды. Биыл халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5 азаматқа қайтарымыз грант беру жоспарланған. Қазіргі уақытта Business.enbek.kz порталы арқылы



өтінімдер қабылданып, алғашқы екі өтінім тіркелген.

Әкімдік отырысында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару бойынша атқарылып жатқан жұмыстар да талқыланды. Бұл мәселе жөнінде жер қатынастары бөлімінің басшысы Қайыртай Бұқабаев баяндама жасап, заң талаптарына сәйкес жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар көктемгі егіс жұмыстарының қорытындысы мен мал азығын дайындау, елді мекендердің тазалығы, ауылдық округтерде санитарлық талаптарды бұзғаны үшін салынған әкімшілік айыппұлдар, сыни жарияланымдармен жұмыс, әлеуметтік желілердегі ақпараттық белсенділік, «Қаладан - ауылға» жобасының жүзеге асырылу барысы және хаттамалық тапсырмалардың орындалуы туралы мәселелер талқыланды.

Жиын қорытындысында аудан әкімі Нұржан Әбдікәрімов жауапты бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне көтерілген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріп, жоспарланған көрсеткіштердің уақтылы әрі сапалы орындалуын, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуді және жұмыспен қамту шараларын күшейтуді тапсырды.

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КӨП

Жаңасемей ауданында кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру және бизнес өкілдерінің сауалдарына жауап беру мақсатында көшпелі кездесу өтті. Іс-шара Абай облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы мен Абай облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мобильді фронт-офисі жобасы аясында ұйымдастырылды.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei тауы»

Жаңасемей ауданы әкімдігінде өткен кездесуге Абай облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының, «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның, екінші деңгейлі банк өкілдерінің және аудандық мемлекеттік органдардың мамандары, аудан кәсіпкерлері, шаруа қожалықтарының басшылары қатысты.

Онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылған кездесудің басты мақсаты – кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шараларын кеңінен таныстырып, бизнесті дамытуға арналған мүмкіндіктер туралы жан-жақты ақпарат беру.

Жиын барысында жеңілдетілген несие, несие мөлшерлемесін субсидиялау, келіп-ендіру тетіктері, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке қатысты заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер түсіндірілді. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы мен оған қатысу шарттары таныстырылды.

Бағдарламаның үйлестірушісі Қанат Шариповтың айтуынша, жоба аясында облыстың 10 ауданына қарасты 138 ауылдық округте скрининг жүргізіліп, әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне талдау жасалған. Былтыр бағдарламаны іске асыруға 1 млрд теңге бөлініп, қаражат ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, өндірістік кооперацияны дамыту және сүтті мал шаруашылығын қолдау бағыттарына жұмсалған.

Қазіргі таңда Amanatnesie.kz ақпараттық жүйесі



арқылы жалпы сомасы 863,8 млн теңгені құрайтын 48 өтінім қабылданған. Оның ішінде 534,4 млн теңгеге бағаланған 25 жоба қаржыландырылды.

Жаңасемей ауданында бағдарлама аясында жалпы құны 119,8 млн теңгені құрайтын жеті жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде 87,4 млн теңгеге сүт өнімдерін қайта өңдеу бағытындағы төрт жоба бар. Оның үшеуі ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері арқылы, біреуі дара кәсіпкер ретінде іске асырылады. Сонымен қатар қымыз өндірісін дамытуға 21,6 млн теңге көлемінде екі жоба жоспарланса, кір сабыны өндірісін кеңейтуге қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға 10,8 млн теңге қарастырылған.

Жобаларды жүзеге асыру барысында 80 бәрі қара мен 28 бас жылқы сатып алу көзделіп отыр. Бұл

ауылдағы өндірісті ұлғайтып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті тұрғындардың табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны тиімді жүзеге асыру мақсатында облыс көлемінде тұрақты түрде жұмыс кестері өткізіліп, аудан әкімдіктерімен бірлескен түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, қайта өңдеу өндірістерін дамыту және ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке тарту бағытындағы ша-

рлар қарқын алды. Жиын еркін пікір алмасу форматында өтті. Кәсіпкерлер мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, жеңілдетілген несие алу, қаржыландыру тетіктері, субсидиялау және кәсіпкерлік қызмет барысында туындайтын өзге де мәселелер бойынша сауалдарын қойып, сала мамандарынан жан-жақты жауап алды.

Мұндай көшпелі кездесулер кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау құралдары туралы ақпаратқа қолжетімділігін арттырып қана қоймай, олардың бизнесін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы өзара байланысты нығайтып, өңірдегі кәсіпкерліктің тұрақты дамуына серпін береді.

Д.ЖАҚЫП



Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасын 2025 жылғы тамыз айынан бері Марат Қапарұлы Теміржанов басқарады. Өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту, қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу, су ресурстарын қорғау және көгалдандыру бағытындағы жұмыстар бүгінде ерекше маңызға ие. Осы орайда атқарылып жатқан жұмыстар, жүзеге асып жатқан жобалар мен алдағы жоспарлар туралы басқарма басшысымен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

Марат ТЕМІРЖАНОВ:

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Марат Қапарұлы, Абай облысында экология, су ресурстары мен қалдықтарды басқару бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Абай облысында экология, су ресурстары және қалдықтарды басқару мәселелері – күн тәртібінен түспейтін маңызды бағыттардың бірі. Өңірде қоршаған ортаны қорғау, су көздерін тиімді пайдалану, елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамту және тұрмыстық қалдықтарды жүйелі басқару бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылып жатыр. Әсіресе экологиялық ахуалды жақсарту, өзен-көлдерді сақтау, қоқыс полигондарын ретке келтіру және қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы шаралар халықтың өмір сапасын арттыруға негіз болуда.

Соңғы жылдары өңірдегі экологиялық жағдайды бақылау мен қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Облыста қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Сондай жұмыстардың бірі – атмосфералық ауаның сапасын бақылау. 2023 жылы Семей қаласының шекті рұқсат етілген шығарындыларының жиынтық томы әзірленсе, 2024 жылы Курчатова пен Аягөз қалалары бойынша осындай жобалар дайындалып, келісілді. Бұл жұмыстар аталған қалалардағы әуе бассейнінің нақты экологиялық жағдайын анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Экологиялық кодекстің 37-бабына сәйкес, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері әзірленіп, облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілді. Бұл құжаттар алдағы бес жылда қоршаған ортаның сапасын жақсартуға бағытталған нақты индикаторларды айқындайды. 2025 жылы алғашқы мониторинг жүргізіліп, жоспарланған көрсеткіштердің орындалғаны анықталды.

- «Таза Қазақстан» бағдарламасы өңірде қалай жүзеге асырылып жатыр?

– Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы бүгінде ел көлемінде кең қолдау тауып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды жобаға айналды. Бұл бастама тек сенбіліктер өткізумен шектелмей, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, табиғатты қорғау, елді мекендерді абаттандыру және тұрғындардың экологиялық санасын арттыруды көздейді. Бағдарлама аясында облыс көлемінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде, халықтың белсенділігі де жоғары.

Биыл сәуір айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен республикалық телекөпір барысында ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Ақцияға облыс бойынша 134 мың адам қатысып, 10 мың түп ағаш егілді.

Сәуір мен мамыр айлары аралығында өткен сенбіліктерге 197 мыңнан астам тұрғын жұмылдырылды. 16 мыңнан астам аула мен 354 саябақ, сквер тазартылып, 12 мың тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық шығарылды.

2026 жылға арналған жоспар бойынша облыс аумағында 67 мың түп көшет отырғызу көзделген.

ҚАЛДЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ: 170 НЫСАННЫҢ ТЕК 6-УЫ ТАЛАПҚА САЙ

- Өңірдегі қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жағдайы көпшілікті алаңдатады. Бұл мәселе қалай шешіліп жатыр?

– Иә, қазіргі таңда қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жағдайы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Полигондардың толып кетуі, экологиялық талаптарға сай келмеуі және қоршаған ортаға тигізетін кері әсері тұрғындар арасында үлкен алаңдаушылық туғызуда. Бұл ретте өңірлерде бірқатар жұмыстар қолға алынып, мәселені кезең-кезеңімен шешу жолдары қарастырылып жатыр.

Семей қаласында заманауи тұрмыстық қалдықтар полигонын салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны – 8,9 млрд теңге. Полигон құрылысына 100 гектар жер бөлінді.

Бүгінде республикалық деңгейде мұндай жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетіктері қарастырылып жатыр. Қаржыландыруды утильалым қаражаты есебінен жеңілдетілген лизинг арқылы жүзеге асыру жоспарланған.

Сонымен қатар Ұржар, Бородулиха, Бесқарағай, Көкпекті, Жарма, Абай аудандарында да жаңа полигондар салу үшін жобалар әзірленуде.

Жалпы, қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу – тек мемлекеттік органдардың ғана



емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан экологиялық мәдениетті қалыптастырып, қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу ісін жүйелі түрде дамыту – уақыт талабы. Иә, бұл – өзекті мәселенің бірі. Қазіргі таңда облыстағы 170 қатты тұрмыстық қалдық орналастыру нысанының тек 6-уы ғана экологиялық және санитарлық талаптарға толық сәйкес келеді.

ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ

- Қалдықтарды басқару жүйесін цифрландыру бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Қазіргі таңда қалдықтарды басқару жүйесін цифрландыру ерекше маңызға ие болып отыр. Заманауи технологияларды енгізу арқылы қалдықтарды жинау, тасымалдау және өңдеу үдерістерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік туып отыр. Бұл бағытта ақпараттық жүйелерді дамыту, бақылауды автоматтандыру және экологиялық мониторинг жүргізу бойынша нақты шаралар қолға алынып жатыр. Президент Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, Семей қаласында қалдықтарды есепке алудың цифрлық жүйесін республикалық платформаға біріктіру жұмыстары аяқталды. Бұл жүйе қалдықтардың қозғалысын бақылауға, есептілікті автоматтандыруға және экологиялық бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы, цифрландыру қалдықтарды басқару жүйесін ашық әрі тиімді етуге жол ашады. Бұл, өз кезегінде, экологиялық жағдайды жақсартуға, ресурстарды үнемдеуге және тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

БРАКОНЬЕРЛІКПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

- Жануарлар дүниесін қорғау бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Табиғи тепе-теңдікті сақтау, биоалуантүрлілікті қорғау – аса маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларды сақтау, олардың мекен ету ортасын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта табиғатты қорғау шаралары күшейтіліп, заңсыз аң аулаудың алдын алу, экологиялық бақылауды жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр.

Бұдан бөлек, браконьерлікке қарсы күрес те күшейтілді. Биылдың өзінде табиғат қорғау прокуратурасы, полиция департаменті және балық инспекциясымен бірлесіп 240 рейд өткізілді. Нәтижесінде 14 заң бұзушылық фактісі анықталды.

Жануарлар дүниесін қорғау – болашақ ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік. Қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, яғни экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы ғана экожүйенің тепе-теңдігін сақтай аламыз.

Су айдындарын балықтандыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, Шүлбі су қоймасына 83 мың дана тұқы шабағы жіберілді. Сонымен қатар Ертіс өзеніне Сібір бекіресінің шабақтары жіберіліп жатыр.

«ЖАСЫЛ ЕЛ АБАЙ» ҚҰРЫЛДЫ

- Орман қорын молайту бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Соңғы жылдары орман қорын сақтау және молайту мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Әсіресе Абай өңірінде болған ірі орман өрті табиғатты қорғау жұмыстарын күшейтудің маңызын айқын көрсетті. Осыған байланысты өңірде орманды қалпына келтіру, көшет отырғызу және өртің алдын алу мақсатында кешенді шаралар қолға алынды. Табиғатты қорғау жұмыстарын жүйелеу мақсатында «Жасыл Ел Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Бұл мекеме орман алқаптарын күтіп-баптау мен көгалдандыру ісіне белсенді түрде атсалысуда.

Биыл қосымша 9 мың көшет егілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасуда. Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы әрі экологиялық қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан орман қорын молайту, оны өрттен қорғау және табиғатты аялау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, бұл іске қоғам болып атсалысу маңызды.

Сөзімнің басында айтып кеттім, биыл сәуір айында «Жасыл Ел Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Семейдегі Бейбітшілік аралында орналасқан орман тұқымбағында 10 мың түп көшет - қылқан жапырақты және жапырақты ағаш түрлері отырғызылды.

ҚАУІПСІЗДІК ӘРДАЙЫМ НАЗАРДА

- Су ресурстарын тиімді пайдалану, көктемгі су тасқынының алдын алу бағытында қандай нақты іс-шаралар атқарылып жатыр?

– Су ресурстарын тиімді пайдалану және тасқынның алдын алу шаралары да бүгінде ерекше маңызға ие. Климаттың өзгерістер мен көктем мезгілінде су деңгейінің көтерілуі елді мекендерге қауіп төндіретіндіктен, төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жыл сайын кешенді жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда, өзен арналарын тазарту, жағалауларды бекіту, су өткізу нысанда-

рын жөндеу және гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту жұмыстары атқарылады. Көктем айларында су тасқыны қаупінің алдын алу мәселесі күн тәртібіне шығады. Бұл ретте тұрақты мониторинг жүргізіліп, арнайы техникалар мен күштер дайындыққа келтіріледі.

Соңғы жылдары су қорғау аймақтарын белгілеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ертіс өзені мен оған қуятын бірнеше өзен бойында су қорғау белдеулері анықталды. Бұл жұмыстар кезең-кезеңімен барлық аудандарда жалғасады.

Жалпы, су ресурстарын қорғау, төтенші жағдайлардың алдын алу – халықтың қауіпсіздігі мен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып, табиғи сипаттағы қауіптердің алдын алу әрдайым назарда болады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРТП – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Жалпы, облыстың экологиялық саясатының басты мақсаты қандай?

– Экологиялық саясаттың басты мақсаты – экономиканың, қоғамның, табиғаттың үйлесімді, тепе-теңдікте дамуын қамтамасыз ету, яғни қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз экологиялық орта қалыптастыру. Бұл ретте ауаның, судың сапасын жақсарту, орман қорын сақтау, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға басымдық беріледі. Сонымен қатар өңірдегі экологиялық мәселелерді кезең-кезеңімен шешу арқылы табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтау көзделіп отыр. Басты мақсат, айтып кеткеніміздей, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз экологиялық орта қалыптастыру.

Табиғатты қорғау – мемлекеттік органның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан біз экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, тұрғындардың белсенділігін арттыруға ерекше мән беріп келеміз.

Экология – халықтың денсаулығы мен болашақ ұрпақтың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды сала. Сондықтан облыстағы экологиялық саясат алдағы уақытта да тұрақты даму қағидаларына негізделіп, табиғатты сақтау мен қорғауға бағыттала береді.

- Сұхбаттасуға уақыт бөлгеніңізге рақмет! Жұмыстарыңызға табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Руза АСАНҚЫЗЫ,
«Semei taly»

ӨЗЕКТІ

Су ресурстары – мемлекеттің стратегиялық маңызы бар табиғи байлығы. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, су саласын жаңа деңгейге көтеру мақсатында Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылып, су шаруашылығы жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды жұмыстар қолға алынды. Осы реформаның аясында Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2025 жылғы 18 ақпандағы бұйрығымен «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Абай филиалы құрылып, өз жұмысын 2025 жылғы 1 сәуірден бастады.



СУ ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қысқа уақыт ішінде филиалдың әкімшілік-басқару құрылымы қалыптастырылып, Жарма, Көкпекті, Ақсуат және Үржар өндірістік учаскелері қайта ұйымдастырылды. Бастапқыда штат саны 113 адамды құраса, өндірістік қажеттілікке байланысты жаңа лауазымдар енгізіліп, 120,5 бірлікке дейін ұлғайтылды. Еңбек қауіпсіздігі инженері, жүргізушілер, трактористер, күзетшілер, келісімшарттар жөніндегі мамандар мен іс жүргізушілер жұмысқа қабылданып, филиалдың өндірістік әлеуеті күшейтілді.

Қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту да тұрақты назарда. Былтырғы жылдың 1 шілдесінен бастап қызметкерлердің жалақысы 7 пайызға ұлғайтылды. Ал 2026 жылғы сәуірден бастап еңбекақы тағы 15 пайызға артты. Сонымен қатар жүргізушілердің сыныптылығы үшін үстемалы белгіленіп, жүк тиегіш, экскаватор, кран, бульдозер машинистері сияқты арнайы техника операторларының жалақысы 350 000 теңгеден 500000 теңгеге көтерілді.

Бүгінде филиалдың қарамағында 64 су нысаны бар. Оның ішінде 3 су қоймасы, 20 су торабы және жалпы ұзындығы 551,3 шақырымды құрайтын 41 магистральдық канал жұмыс істейді. Бұл нысандар арқылы 70 мың гектардан астам суармалы жер сумен қамтамасыз етіледі. Су шаруашылығы нысандары Үржар, Мақаншы, Ақсуат, Көкпекті, Жарма және Алғез аудандарының ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп отыр.

Өткен жылы республикалық бюджеттік жобаның аясында

жет есебінен каналдарды механикалық тазалау, гидробекеттер орнату, су реттегіш құрылғыларын жаңарту және бетондау жұмыстарына 67,8 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар тарифтік қаражат есебінен Үржар мен Мақаншы аудандарындағы 4 гидротарап пен 2 магистральдық каналға 24,3 млн теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы алғанда, 10 гидротехникалық нысанда 37,9 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары орындалды.

Материалдық-техникалық базаны нығайту бағытында да елеулі жұмыстар атқарылды. Су ресурстары және ирригация министрлігінің қолдауымен 723 млн теңгеге 30 бірлік жаңа арнайы техника сатып алынды. Соның нәтижесінде филиалдағы техникалар саны 30-дан 60 бірлікке дейін ұлғайып, каналдарды механикалық тазалау мен жөндеу жұмыстарының көлемі екі есеге жуық артты. 2025 жылы 70 шақырым магистральдық канал механикалық әдіспен тазартылды. Оның ішінде Үржар ауданындағы 13 жылдан бері тазаланбаған «Отгонный» және «Соединительный» каналдары қалпына келтірілді. Бұл өз кезегінде жаңа суармалы алқаптарды игеруге және тамшылатып суару технологиясын енгізуге мүмкіндік берді.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында өңір шаруашылықтарында су үнемдеу технологияларын енгізу де қарқын алып келеді. Ақсуат ауданындағы «Алтын-Алтай» шаруа қожалығы 300 гектар алқаққа, Жарма ауданындағы «СГК Нұркелді» шаруашылығы 500 гектар жерге тамшылатып суару технологиясын қолдануда. Ал Үржар ауданындағы «Urdzhar Agro» кәсіпорны 650 гектар алқапта жаңбырлатып суару жүйесін пайдаланып келеді.

Қазақстан Республикасының 2024–2029 жылдарға арналған су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспары аясында Абай облысында су шаруашы-

лығы инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бірқатар инвестициялық жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Осы бағытта өңірде 5 жаңа су қоймасының құрылысына техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) әзірлеу жұмыстары жүргізілетін болады. Сонымен қатар Үржар ауданындағы Қарғыба су қоймасының құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары аяқталу кезеңінде жайындады.

Алдағы уақытта жаңа су қоймаларын салу, су шаруашылығы нысандары мен ирригациялық жүйелерді жаңғыртуға байланысты жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру көзделіп отыр. Бұл жұмыстар су ресурстарын тиімді басқаруға, суармалы жерлерді сумен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға және өңірдің су шаруашылығы инфрақұрылымын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

2026 жылы филиал 118,2 шақырым болатын 11 магистральдық каналды механикалық тазалаудан өткізуді және 9 гидротехникалық нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Соның нәтижесінде суармалы жер көлемін 2025 жылғы 15 648 гектардан 17 148 гектарға дейін, яғни 1 500 гектарға ұлғайту көзделген.

Филиалда цифрландыру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Су беру қызметтері бойынша биллинг жүйесі енгізіліп, барлық келісімшарттар электрондық форматқа көшірілді. Бұл су пайдалануды есепке алу жүйесінің ашықтығын арттырып, қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Су шаруашылығы саласы – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ауыл шаруашылығының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі. Бұл салада өз ісіне адал, көп жылдық тәжірибесі бар мамандар еңбек етіп, су ресурстарын тиімді басқару мен гидротехникалық

нысандардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп келеді.

«Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Абай филиалының қызметкерлері өздерінің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігінің арқасында жоғары мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болып келеді. Атап айтқанда, су беруді реттеуші Талғат Саматұлы Оширов пен техник-гидрометр Кәмшат Біржанқызы Мұсаханова 2025 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар диспетчер Қайырбек Қауенұлы Боксенов, су беруді реттеушілер Бауыржан Ахметқазыұлы Қайыңбаев, Нұрлан Нұрқасымұлы Рамазанов, күзетші Қайырбек Дүйсенбекұлы Борашев, Жарма өндірістік учаскесінің бастығы Шералы Маратұлы Елчибаев және басқа да мамандар «Еңбек Даңқы» төсбелгісінің түрлі дәрежелерімен марапатталып, өз еңбектерінің лайықты бағасын алды.

Филиал қызметкерлерінің арасында еңбек әулеттері де ерекше орын алады. Олар ұрпақтан-ұрпаққа кәсіби тәжірибе мен еңбек құндылықтарын жеткізіп, саланың дамуына үлес қосып келеді.

Солардың бірі – Мұсахановтар әулеті. Өулеттің өкілі, Жарма өндірістік учаскесінің техник-гидрометр Кәмшат Біржанқызы су шаруашылығы саласында 14 жылдан астам еңбек етіп келеді және 2025 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Анасының жолын жалғастырған ұлы Еламан Қалиханұлы Тоқтарбек 2026 жылдан бастап Жарма өндірістік учаскесінде күзетші (вахтер) қызметін атқарып, еңбек жолын бастаған жас мамандардың қатарын толықтырды.

Сонымен қатар Рамазановтар әулеті де саладағы үлгілі еңбек отбасыларының бірі. Өулет басшысы Нұрлан Рамазанов 13 жылдан бері техник-гидрометр қызметін атқарып келеді және III дәрежелі «Еңбек Даңқы» төсбелгісімен

марапатталған. Оның жұбайы Әсем Жайлауқызы су беруді реттеуші болып еңбек етеді. 2026 жылы олардың қызы Альбина Нұрқасымова Ақсуат өндірістік учаскесіне шарттар жөніндегі маман болып жұмысқа қабылданып, ата-анасының еңбек жолын жалғастырды.

Филиалда сондай-ақ Нұрмановтар, Жапаровтар, Жұмағұловтар және Далбиндер әулеттері еңбек етеді. Бұл отбасылардың бірнеше буыны су шаруашылығы саласында қызмет атқарып, кәсіби тәжірибе мен жауапкершілікті кейінгі ұрпаққа табыстап келеді.

Еңбек әулеттері – саланың тұрақты дамуы мен кадрлық сабақтастығының жарқын көрінісі. Кәсіби шеберліктің, еңбекке адалдық пен отансүйгіштіктің үлгісін көрсетіп келе жатқан осындай майталман мамандардың арқасында жас буынның осы маңызды салаға келуіне жол ашылуда. Сонындай мамандардың еңбегі мен жетістіктері су шаруашылығы жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз етіп, ел игілігіне қызмет етуде.

Алдағы кезеңде Абай филиалының негізгі басымдықтары – су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту, жаңа су қоймаларын салу, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, цифрландыруды дамыту, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді сумен тұрақты қамтамасыз ету болып қала береді. Бұл жұмыстар өңірдің су қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, агроөнеркәсіп кешенінің өркендеуіне, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және Абай облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосады.

Жарқынбек БАЙСАБЫРОВ,
«Қазушар» РМК
Абай филиалының директоры



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА


Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті баспасөз мәслихатында ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Абай облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Мейір Мәдиев биылғы жылдың алғашқы алты айында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tanu»

Мейір Мәдиевтің айтуынша, бүгінде департамент өңірдегі 39 табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейді. Оның ішінде сумен жабдықтау, су беру, электрмен және жылумен жабдықтау, сондай-ақ кірме жолдар саласындағы кәсіпорындар бар. Сонымен қатар бірқатар субъектілерде коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр.

Баспасөз мәслихаты барысында табиғи монополиялар туралы заңнаманың сақталуына жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижелері де таныстырылды. Биылғы I тоқсанда 3 табиғи монополия субъектісіне қатысты 4 әкімшілік іс қозғалып, жалпы сомасы 10,5 миллион теңгеден астам айыппұл салынғаны айтылды.

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасы



Шартты сурет

мен сенімділігі арттыруға бағытталған маңызды қадам. Сондықтан бұл жұмыстардың нәтижесі ең алдымен халықтың күнделікті өмірінде көрініс табуы тиіс, – деді Мейір Мәдиев.

Мейір Мәдиев сондай-ақ «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» (ЭКСЖ) ұлттық жобасы аясында 2026–2027 жылдары өңірде жылу, су және электр желілерін жаңғырту бойынша ірі жобалар іске асырылатынын айтты. Бұл жобалар коммуналдық инфрақұрылымның тозу деңгейін азайтып, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар департамент мамандары халықпен ері байланыс орнатып, ай сайын азаматтарды қоғамдық қабылдау өткізеді. Қабылдау барысында тұрғындар коммуналдық қызметтерге қатысты сауалдарына жауап алады.

Еске сала кетсек, елімізде өткен жылдан «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» (ЭКСЖ) ұлттық жобасы жүзеге асырыла бастады. Аталған жоба арқылы республика көлемінде 2029 жылға қарай коммуналдық инфрақұрылым тозуын 40 пайызға, апат қаупін 20 пайызға азайту көзделген.

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР

1 шілде – Сержанттар күні қарсаңында Семей қаласындағы әскери госпитальдің қабылдау бөлімінің аға маманы, медбике кіші сержант Қарлығаш Ақанова әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады.

АНТЫНА АДАЛ МЕДБИКЕ



Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Қарлығаш Ақанова жұбайымен бірге әскери салада 18 жылға жуық уақыт бойы абыройлы қызмет атқарып келеді. Қарлығаш Ақанова жұбайымен бірге әскери салада 18 жылға жуық уақыт бойы абыройлы қызмет атқарып келеді. Отбасы мен жауапты әскери қызметті қатар алып жүрген көп балалы ана өз ісіне деген адалдығымен және жоғары жауапкершілігімен ұжым арасында ерекше құрметке ие.

Бүгінде әскери госпиталь сержанттарының басты міндеті – әскери қызметшілерге сапалы әрі уақтылы медициналық көмек көрсету. Медбикенің айтуынша, госпитальда, медициналық қызметпен қатар, әскери даярлық та үнемі назарда болады.

– Біз әскери госпитальда, медициналық қызмет көрсетумен қатар, жауынгерлік дайындық сабақтарына тұрақты қатысамыз. Дене даярлығы мен атыс даярлығы бойынша машықтарымызды жетілдіріп, әскери қызметшіге қойылатын барлық талаптарды орындауға әрдайым дайын боламыз. Бұл – біздің күнделікті қызметіміздің ажырамас бөлігі, – дейді кіші сержант.

Кәсіби мереке қарсаңында Қарлығаш Ақанова Қазақстан Қарулы Күштерінің барлық сержанттарын айтулы күнмен құттықтады. Кіші сержант әріптестерінің еңбектеріне табыс, отбасыларына амандық, дендеріне саулық және ел игілігі жолындағы қызметтеріне толағай жетістіктер тіледі.

«АЙБЫН – 2026»

«АБАЙ ҚЫРАНДАРЫ» ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

Бүгінгі жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелейтін маңызды іс-шаралардың бірі – Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өтетін «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны.

Биыл 21–27 маусым аралығында Ақмола облысындағы «Амандық» оқу-жаттығу орталығында, Шоқан Уәлиханов атындағы колледж базасында өткен «Айбын – 2026» жиыны Қазақстанның барлық өңірлерінен және шет мемлекеттерден келген әскери-патриоттық клубтардың жас тәрбиеленушілерін бір алаңға тоғыстырды. Бір аптаға созылған жиын жастардың әскери даярлығын шыңдап, отаншылдық рухын нығайтқан тағлымды мектепке айналды.

Жиын аясында ұйымдастырылған сайыстар қатысушылардың тәзімділігін, ептілігін және көшбасшылық қасиеттерін жан-жақты сынады. Жас сарбаздар белтемірге тартылу, жүзу, әскерлендірілген кросс, АК-74 автоматын бөлшектеу және жинау, арқан тарту, пневматикалық винтовкадан ату сияқты әскери-қолданбалы жарыстарда бақ сынасты. Ал соңғы кезеңде «Күшіміз бірлікте» әскери-далалық тактикалық ойынына қатысты. Бұл сайыстар жас сарбаздардың күш-қайратын ғана емес, командалық бірлігін, батылдығы мен қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін де шыңдай түсті.

Осы беделді додада облысымыздың намысын қорғаған «Абай қырандары» командасы жоғары дайындық көрсетіп, өңір абыройын асқақтатты. Олар 53 команданың ішінде суырылшы шығып, жалпы есепте 4-орынды иеленді және халықаралық деңгейдегі үздік

Жекелей сайыстарда Альфия Равильқызы шалқандан жатып кеудені кете-

ру жаттығуы бойынша III орынды иеленсе, Олжас Қалижаров пен Данияр Бүбәкіров «Smart Sarbaz» робототехника байқауында III орынға лайық деп танылды. Ал командалық арқан тарту жарысында «Абай қырандары» қола жүлдеге қол жеткізді. Олжас Қалижаров жеке көшбасшылық қасиеті үшін «Үздік жас сарбаз – 2026» атағына ие болды.

Ерекше атап өтерілігі, команда капитаны Олжас Қалижаров пен команда мүшесі Бритнер Никаға Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының жаңында отыру мәртебесі берілді. Бұл – ел Президенті тарапынан жас ұрпаққа көрсетілген зор сенім мен ерекше құрметтің айқын дәлелі.

«Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиыны – жарыс алаңы ғана емес, ел болашағын тәрбиелейтін үлкен мектеп. Мұнда жастар әскери машықтарын жетілдіріп қана қоймай, өзара тәжірибе алмасуда, достық қарым-қатынас орнатады.

Абай облысының намысын абыроймен қорғаған «Абай қырандары» командасының жеңісі өңір жастарының әлеуетінің жоғары екенін көрсетті. Бұл жеңіс әскери-патриоттық тәрбиенің нәтижесін айқындап қана қоймай, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық үлкен жетістік ретінде бағаланады.

Жеңімпаз жастарды құттықтай отырып, алдағы уақытта да Қазақстанның көк байрағын халықаралық ареналарда биікке көтере берсін деп тілейміз.

Серік ТҮСІПОВ,
«Жас сарбаз» командасының жетекшісі



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

2026 жылғы 26 маусымда «БЖЗҚ» АҚ-ның цифрлық қызметтері. Қор қызметтерін алу кезінде алаяқтардан және жалған делдалдардан дербес деректерді қорғау» тақырыбында «БЖЗҚ» АҚ-ның ұйымдастыруымен кезекті Ашық есік күні өтті.

«БЖЗҚ» АҚ цифрлық форматта қызметтердің кең шоғырын ұсынады және салымшылар мен алшылардың қажеттіліктерін ескере отырып, қызметтерді үнемі жетілдіріп отырады. Онлайн-сервистер азаматтардың өздерінің зейнетақы жинақтары туралы қажетті ақпаратты жедел алуға және қаржылық болашағын жоспарлау кезінде неғұрлым саналы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сайт және мобильді қосымша арқылы қызметтердің тәулік бойы қолжетімділігі Қормен өзара іс-қимылды барынша ыңғайлы етеді және азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Қордың негізгі цифрлық құралдарының қатарында: Қордың электрондық қызметтерін толық қолжетімділікті қамтамасыз ететін БЖЗҚ-ның ресми сайтындағы жеке кабинет және БЖЗҚ-ның мобильді қосымшасы;

• Зейнетақы калькуляторы және «Жеке зейнетақы жоспары», бұл құралдардың көмегімен сіз болашақ зейнетақыңызды алдын ала есептеп, оны ұлғайту жоспарын құра аласыз;

• Құжаттарды алдын ала тексеруді, электрондық поштаға үзінді көшірмелерді алуды, Қор кеңселеріне бару уақытын брондауды және т. б. қоса алғанда, сайтта қызметтерді ресімдеу бойынша онлайн-сервисстер.

Кездесуге қатысушыларға БЖЗҚ-ның цифрлық сервистері, оның ішінде ресми сайт, мобильді қосымша, Telegram-бот және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Қордың ақпараттық ресурстары туралы, сондай-ақ Байланыс орталығы, сайт, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа да байланыс арналары арқылы кері байланыс жасау мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берілді.

Бүгінгі күні БЖЗҚ-ның цифрлық экожүйесі салымшылармен және алшылармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі арнасы болып табылады. Сайттағы және мобильді қосымшадағы жеке кабинет арқылы пайдаланушылар жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірмелер ала алады, деректемелерге өзгерістер енгізе алады, шоттардың болуы туралы анықтамалар ала алады, зейнетақы төлемдерінің жекелеген түрлеріне өтініш бере алады, өтініштердің мәртебесін қадағалай алады, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына аудара алады, сондай-ақ «Зейнетақы калькуляторы» және «Жеке зейнетақы жоспары» сервистерін пайдалана алады.

Электрондық қызметтерге сұраныстың артып келе жатқаны атап өтілді. 2026 жылдың 4 айында БЖЗҚ көрсеткен 21,5 млн қызметтің 21,1 млн қызметті электрондық және автоматты форматта ұсынылды. Осылайша қашықтан қызмет көрсету үлесі олардың жалпы санының 98,8%-н құрады.

Іс-шараның жеке блогы ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналды. БЖЗҚ мамандары азаматтар кездестіріп жүрген алдаудың неғұрлым кең таралған схемалары туралы, соның ішінде алаяқтардың өздерін мемлекеттік ұйымдардың, медициналық мекемелердің немесе Қордың қызметкерлеріміз деп таныстыратын және әр түрлі сылтаулармен растаудың SMS-кодтарын алуға және дербес деректерге қол жеткізуге тырысатын жағдайлары туралы айтып берді.

Қатысушыларға БЖЗҚ-ның тегін және делдалсыз қызмет көрсететінін еске салды. Қор қызметкерлері телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы SMS-кодтарды, парольдерді, банк карталарының деректемелерін және өзге де конфиденциалды мәліметтерді сұратпайды.

Кездесу барысында дербес деректерді қорғау және қаржылық қауіпсіздік бойынша практикалық ұсыныстар берілді. Мамандар азаматтарды растау кодтары мен дербес ақпаратты бөгде адамдарға бермеуге, мәліметтерді тек ресми байланыс арналары арқылы тексеруге және алаяқтыққа күдік туындаған кезде қылық қорғау органдарына дереу жүгінуге шақырды.

Іс-шара соңында қатысушылар БЖЗҚ-ның зейнетақымен қамсыздандыру және цифрлық сервистерін пайдалану мәселелері бойынша қызықтырған сұрақтарына жауаптар мен жеке кеңес алды.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

BYD MEDICAL ТАШКЕНТЕГІ ЗАМАНАУИ
BYD MEDICAL
САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА
ШАҚЫРАМЫЗ!

Біздің газет оқырмандарына арнайы –
10 АҚШ ДОЛЛАРЫ
КӨЛЕМІНДЕ ЖЕҢІЛДІК!

Демалысыңызды пайдалы өткізіңіз –
денсаулығыңызды нығайтып,
сергектік пен күш-қуат жинаңыз!

**ДЕНСАУЛЫҚТЫ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ОРТАЛЫҒЫ**

10 КҮНДІК САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Түру (жайлы бөлмелер)
3 мезгіл тамақтану (диеталық)
Дәрігер кеңесі және диагностика (УДЗ, ЭКГ, анализдер)
Дерлік терапия, тамишлатқыштар
Физиотерапия (Дарсонваль, Ундал, парафин)
Емдік массаж

Фитотерапия (ишпелен еңдеу)
Озонотерапия
Лазеротерапия
Емдік дене шынықтыру (лек)
Аромасуна, хиджама (кажетіне қарап)
Дәрігердің тәулік бойы бақылауы

2 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ 250 000 ₸
3-4 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ 235 000 ₸

11 жасқа дейінгі балаларға 50% ЖЕҢІЛДІК

КЕЛЕСІ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Бауыр және өт қабы аурулары
Асқазан-ішек жолдары
Бұйырлар ауруы
Жүрек-қан тамыр жүйесі
Иммунитетті нығайту
Шырыу, стресс
Ағзаны жалпы қалпына келтіру

ФИЗИОТЕРАПИЯ
ЕМДІК МАССАЖ
ОЗОНОТЕРАПИЯ
ФИТОТЕРАПИЯ
ХИДЖАМА
ЛАЗЕРОТЕРАПИЯ
ТАМИШЛАТҚЫШ

Озініздің денсаулығыңызға инвестиция жасаныңыз!

БАЙЛАНЫС ҮШІН:
8705 465 22 75
8 778 929 14 53

ТРАНСПОРТ ТЕГІН!

RIZA BOL
ОРАМАЛАДАРЫ

Абай елінен кәдесый:
"Айттым сәлем Қаламқас"
"Желсіз түнде жарық ай"
"Көзімнің қарасы"

СЫЙЛЫҚКА ҚОСЫМША ТЕГІН!
✓ СЫЙЛЫҚ СӨМКЕ
✓ СЫЙЛЫҚ ҚОРАП

ҰЯЛМАЙ ҰСЫНАТЫН СЫЙЛЫҚ!
МӨНДІ. КӨРКЕМ.

Айттым сәлем Қаламқас
Желсіз түнде жарық ай
Көзімнің қарасы

ЖҰМАСҚА ЖІБЕК МАТА
ТҮРҒЫНДЫ ҰЛТТЫҚ ДИЗАЙН
ӘР СӨТКЕ ТАМАША СЫЙЛЫҚ
ЖҮРЕКТЕН ДӨСТҮР, СТИЛЬДЕ – RIZA BOL!

8 778 929 14 53, 8 777 276 90 74

ҚОҒАМДЫҚ
ТЫҢДАУ

14.07.2026 жылдан бастап «Абай облысындағы Сарыбулақ кен орнында құрамда алтын бар кендерді өндіру жөніндегі операциялардың салдарын ашық тәсілмен жою жоспары» жобасы бойынша 10 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін ҰДБ ҚО мен ТРЖК (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі) <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаның тапсырыс берушісі «Казакстанская Рудная Компания» ЖШС тел. +7 705-547-96-09.

Жобалау ұйымы - «Казнедропроект» ЖШС, email: kaznr0902@mail.ru, тел. 8 (7232) 57-00-09.

Жергілікті атқарушы орган – «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, email: uprigr.abay@akimatabai.gov.kz, тел. 8 (7222) 35-44-88, +7-777-980-57-37.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары.
2. Әсер ету аумағы: ҚР, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Шүлбі кенті. Координаттары: Т.1-50°23'42.35"С, 81°03'40.44"В; Т.2-50°23'42.80"С 81°03'48.26"В.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 13 тамызда сағат 11:00-де Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Шүлбі кенті, әкімдік ғимаратында өтеді.

Онлайн тыңдаулар сілтеме бойынша ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өткізіледі:
<https://us05web.zoom.us/j/85730581182?pwd=MZbbx1blw8y67qZGKb5840ZAerpmkFr.1> Конференцияны сәйкестендіруші: 857 3058 1182. Қолжетімді код: f d55N1z

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақстан су жолдары» РМҚК «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы, БСН 161241022730. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы, 05-084-006 есептік кварталы, № 4/1 үй. Электрондық пошта: ekolog-gts@vkprp.kz.

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п.66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Әсерге экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен ОЖ жадауы туралы ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk> танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысу бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Қазақстан су жолдары» РМҚК «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы, БСН 161241022730. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы, 05-084-006 есептік кварталы, № 4/1 үй. Электрондық пошта: ekolog-gts@vkprp.kz., «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п. 66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық - uprigr.abay@akimatabai.gov.kz; пошта мекенжайы-ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 872235-44-32.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

07.08.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Аягөз ауданы, Емелтау а.о., Емелтау а., Т.Кобдин кө-сі, 11 мекен-жайындағы әкімдік ғимаратында «Абай облысының Аягөз ауданында орналасқан «Кызыл-Тас» кен орнында қаптамалы габбро өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82727704706?pwd=75A2LGBjP3Ropd5ppVclGrXHWAX.1> Конференция идентификаторы: 827 2770 4706 Кіру коды: G1140526

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Granite-industries» ЖШС. БСН: 180140024500. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі, 44. Тел. 87751751080, e-mail: Graniteindustries@mail.ru.

Әзірлеуші: «Курманғалиев Руфат Амантаевич» ЖК, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Жетісу облысы, Талдықорған қ., Қаратал ш.а., 6А ү., жертеле қабаты. Тел. 87012775623, email: rufat.taldyk@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекен-жайы uprigr.abay@akimatabai.gov.kz бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібері алады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

06.08.2026 ж., сағат 16:00-де Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы, Байқар көшесі, 15 үй мекенжайы бойынша «Латтегра» ЖШС «балықты алаңындағы алтын-полиметалл кендерін барлау жоспары» бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Карантиндік шаралар жағдайында аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейне-конференция арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін <https://us05web.zoom.us/j/9988066160?pwd=kXJjNSS6WLGmV5PSwFy8S98unPhad.1&omn=86962241241> Конференцияның сәйкестендіруші: 998 806 6160 Қол жеткізу коды: 1234

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87775432638 телефонына хабарласыңыз.

Тапсырыс беруші - «Латтегра» ЖШС, Қазақстан

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

06.08.2026 ж., сағат 15:00-де Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы, Байқар көшесі, 15 үй мекенжайы бойынша «Латтегра» ЖШС «балықты алаңындағы алтын-полиметалл кендерін барлау жоспарына «ықтимал әсер ету туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Карантиндік шаралар жағдайында аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейне-конференция арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін <https://us05web.zoom.us/j/9988066160?pwd=kXJjNSS6WLGmV5PSwFy8S98unPhad.1&omn=86962241241> Конференцияның сәйкестендіруші: 998 806 6160 Қол жеткізу коды: 1234

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 87775432638.

Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, БСН: 220 340 018 137, E-mail: molibden67@mail.ru тел: 8 7775432638

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші - «UkLabProject» ЖШС (тел.: 8-705-795-97-08), Потанин көшесі, 35 үй, uklab@mail.ru, Өскемен қаласы, БСН 171140020707

Жоба бойынша құжаттама СОС және ПР ҰДБ-да (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі) <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ақпаратты алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі: uprigr.abay@akimatabai.gov.kz, uklab@mail.ru тел: 8-705-795-97-08

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекен-жай бойынша қабылданады: Семей қ., «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7222) 35-44-32, электрондық мекен-жайы: uprigr.abay@akimatabai.gov.kz.

Әсер ету учаскесінің географиялық координаттары Т.1 – 48о 24'35" с.е.; 80о 53'26" ш.б.; Т.2 – 48о 25'06" с.е ; 80о 54'38" ш.б ; Т.3 – 48о 23'53" с.е ; 80о 55'48" ш.б; Т.4 – 48о 23'21" с.е; 80о 54'37" ш.б ;

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Қаражыра» АҚ 15.07.2026 жылдан бастап 11.08.2026 жылға дейін аралығында Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі порталында <https://ndbecology.gov.kz/> ядролық қару сынақтары бұрын жүргізілген, сондай-ақ әскери полигондардың әсеріне ұшыраған жерлерді кешенді экологиялық зерттеу материалдары бойынша қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1. «Қаражыра» көмір кен орнына іргелес орналасқан, ауданы 553,10 га жер учаскесін кешенді экологиялық зерттеу материалдары;

2. «Қаражыра» көмір кен орнына іргелес орналасқан, ауданы 4315,57 га жер учаскесін кешенді экологиялық зерттеу материалдары;

3. «Қаражыра» көмір кен орнына іргелес орналасқан, ауданы 400 га жер учаскесін кешенді экологиялық зерттеу материалдары;

материалдары;

4. «Қаражыра» көмір кен орнына іргелес орналасқан, ауданы 525,57 га жер учаскесін кешенді экологиялық зерттеу материалдары;

5. «Қаражыра» көмір кен орнына іргелес орналасқан, ауданы 159,06 га жер учаскесін кешенді экологиялық зерттеу материалдары.

Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган – «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Материалдар пакетімен танысу және ескертулер мен ұсыныстар енгізу үшін «Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталға өтуге болады: <https://ndbecology.gov.kz/>.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Қаражыра» АҚ, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қ., Би Боранбай көшесі, 93-үй, 071412, БСН: 021240000409, тел.: 8 (7222) 30-22-07, 30-21-89.

Ұлттық ядролық орталығы» ШЖҚ РМҚ, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Курчатов қ., Бейбіт Атом көшесі, 2, 180010, БСН:

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор -
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың
орынбасары -
Роза ПУШПАҚОВА

www.
semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY0121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АБАЙ АИМАҚ МЕДИА» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Региональнй дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бескарағайда - 8 775 433 44 08.


Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.

Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;

редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;

факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Ай-Керім ЖАҚЫП